

**Қазақстанның Төрелік палатасының  
жалпы жиналысы шешімімен  
БЕКІТІЛДІ  
2019 жылғы 13 ақпандағы № 2  
хаттама**

**Қазақстанның Төрелік палатасының  
ЖАРҒЫСЫ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Қазақстанның Төрелік палатасы (бұдан әрі – «Төрелік палата») – тұрақты жұмыс істейтін төреліктер мен төрешілердің ерікті бірлестігін білдіретін тәуелсіз коммерциялық емес ұйым.

1.2. Төрелік палата Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне, «Төрелік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнама актілеріне сәйкес құрылды және Төрелік палата мүшелерінің еріктілігі, өзін-өзі басқаруы, жариялығы, тең құқықтығы негізінде жұмыс істейді.

1.3. Төрелік палата өз жұмысын Қазақстан Республикасы аумағында және шет елдерде жүзеге асырады.

1.4. Төрелік палата қызметінің мерзімі шектелмейді.

1.5. Төрелік палатаның толық атауы:

қазақ тілінде: «Қазақстанның Төрелік палатасы»  
орыс тілінде: «Арбитражная палата Казахстана»  
ағылшын тілінде: «Kazakhstan Chamber of Arbitration»

Төрелік палатаның қысқартылған атауы:

қазақ тілінде: «ҚТП»  
орыс тілінде: «АПК»  
ағылшын тілінде: «КСА»

1.6. Төрелік палатаның тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ, Тимирязев көшесі, 15 «Б», 3-офис.

1.7. Палата коммерциялық емес ұйым болып табылады және өзге ұйымдастырушылық-құқықтық нысанда құрылды және дербес балансы, мөрі, мөртаңбалары, фирмалық бланкі, жеке меншік бейнелемесі, меншік құқығында оқшау мүлкі және Қазақстан Республикасы банктерінде ағымдағы шоттары бар заңды тұлға болып табылады.

**2. Төрелік палатаның мақсаты, міндеттері және өкілеттігі**

2.1. **Төрелік палатаның мақсаты** – Төрелік қозғалысты дамыту, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында төреліктер қызметін іске асыру, ынталандыру және қолдау үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету.

2.2. **Төрелік палатаның міндеттері:**

2.2.1. тұрақты жұмыс істейтін төреліктер мен төрешілерді шоғырландыру;

- 2.2.2. Төрелік палатаның мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара әрекет етуі;
- 2.2.3. заң жобаларын талқылауға, сондай-ақ бағдарламаларды, нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуге көмектесу;
- 2.2.4. Төрелік палата мүшелері болып табылатын төрешілерді оқытуға және олардың кәсіби біліктілігін арттыруға көмектесу;
- 2.2.5. Төрелік палата мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- 2.2.6. бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтасу;
- 2.2.7. Төрелік палата мүшелері үшін бірыңғай ақпараттық кеңістікті қамтамасыз ету;
- 2.2.8. қоғам ішінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- 2.2.9. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген өзге де міндеттер.

### **2.3. Төрелік палатаның өкілеттіктері:**

- 2.3.1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, шетел және халықаралық ұйымдарда Төрелік палата мүшелері болып табылатын тұрақты жұмыс істейтін төреліктер мен төрешілердің мүдделерін білдіру және қорғау;
- 2.3.2. Қазақстан Республикасында төрелік қызметінің жағдайына мониторинг жүргізу;
- 2.3.3. тұрақты жұмыс істейтін төреліктер төрешілерінің және Төрелік палата мүшелері болып табылатын төрешілердің тізілімін жүргізу;
- 2.3.4. дауды (ad hoc арқылы) қарастырған жағдайда Төрелік палата немесе тұрақты жұмыс істейтін төрелік тізіліміндегі адамдар арасынан төрешілерді (төрешіні) тағайындау;
- 2.3.5. нақты дауды (ad hoc арқылы) шешу үшін тағайындалған төрешінің өкілеттіктерін тоқтатуға қатысты шешім қабылдау;
- 2.3.6. (ad hoc арқылы) қаралған істерді сақтау;
- 2.3.7. Сыртқы сауда төрелігі туралы Европа конвенциясымен (21.04.1961ж) көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыру;
- 2.3.8. тренингтерді, конференцияларды және семинарларды ұйымдастыру;
- 2.3.9. бұқаралық ақпарат құралдарын құру;
- 2.3.10. басылым қызметін жүзеге асыру;
- 2.3.11. әр түрлі бағыттар бойынша тиімді жұмыс жасау үшін құрылымдық бөлімшелерді құру;
- 2.3.12. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына заңнама базасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;
- 2.3.13. Қазақстан Республикасының төрелік туралы заңнамасындағы және оны қолдану тәжірибесіндегі жекелеген сұрақтар бойынша ұсынымдық сипатқа ие сараптамалық қорытындыларды ұсыну;
- 2.3.14. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге қызмет түрлері.
- 2.4. Коммерциялық емес ұйым бола тұра, Төрелік палатаның жарғылық мақсаттарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады.
- 2.5. Төрелік палата мүшелерінің кәсіби қызметіне Төрелік палатаның араласуға құқығы жоқ.

### **3. Төрелік палатаға мүшелік**

- 3.1. Төрелік палатаға мүшелік тұрақты жұмыс істейтін төреліктер мен

төрешілерүшін ашық болып табылады.

**3.2.** Төрелік палатаға мүшелікке кіру Басқарма Төрағасы атына өтініш беру арқылы рәсімделеді. Төрелік палатаға кіруге өтініш бойынша шешім Төрелік палата Басқармасымен 15 күн ішінде қабылданады.

**3.3.** Төрелік палатаға мүшелік кіріс жарнасын және мүшелік жарнаны толық төлеген сәттен бастап есептеледі.

**3.4.** Төрелік палатаға мүшелік ету өз еркімен Төрелік палата мүшелігінен шығу туралы өтініш түскен сәттен бастап тоқтатылуы мүмкін.

**3.5.** Басқарма шешімі бойынша Төрелік палата мүшелігінен шығару келесідей негіздер бойынша жүзеге асырылады:

3.5.1. тиісті күнтізбелік жыл басынан 1 ай мерзімде мүшелік жарнаны төлемеу;

3.5.2. Төрелік палата Жарғысының ережелерін және Палата мүшелерінің жалпы жиналысымен белгіленген басқа да талаптарды сақтамау.

#### **4. Төрелік палата мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

##### **4.1. Төрелік палата мүшелері:**

4.1.1. Жарғы ережелеріне сәйкес Төрелік палатаны басқаруға қатысуға;

4.1.2. Төрелік палатамен ұйымдастырылатын шараларға (конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге, тренингтерге және басқаларға) қатысуға;

4.1.3. Төрелік палатаның құрылымдық бөлімшелерінің жұмысына қатысуға;

4.1.4. Тұрақты жұмыс істейтін төреліктердің өкілдері Төрелік палатаның басқару органдарын сайлауға және оған сайлануға құқылы;

4.1.5. Төрелік палата мүшелігінен ерікті түрде шығуға;

4.1.6. осы Төрелік палата мүшелігіне қарамастан басқа да коммерциялық емес және коммерциялық ұйымдардың қызметіне қатысуға;

4.1.7. Төрелік палата қызметі туралы ақпаратты алуға құқылы.

##### **4.2. Төрелік палата мүшелерінің міндеттері:**

4.2.1. осы Жарғыға сәйкес кіру және мүшелік жарналарды төлеуге;

4.2.2. Төрелік палата Жарғысының ережелерін және Палата мүшелерінің жалпы жиналысымен белгіленген талаптарды сақтауға;

4.2.3. Төрелік палата қызметін жүзеге асыруда жәрдем көрсетуге;

4.2.4. қолданыстағы заңнама нормаларының бұзылуына жол бермеуге міндетті.

#### **5. Жарналар**

**5.1.** Төрелік палата мүшелері міндетті жарналарды төлейді, олар Төрелік палатаның ағымдағы шотына салынады.

**5.2.** Кіріс және мүшелік жарналар Төрелік палата мүшелігіне кіретін кезде Басқарма Төрелік палатаның жаңа мүшесін қабылдау туралы шешім қабылдаған күннен бастап 15 күннен кешіктірмей төленеді. Кіру жарнасы Төрелік палата жаңа мүшені қабылдайтын кезде бір рет енгізіледі.

**5.3.** Мүшелік жарна жыл сайын сәйкес күнтізбелік жылдың басынан бастап 1 ай мерзімнен кешіктірмей төленеді.

**5.4.** Тұрақты төрешілер мен арбитрлерге арналған кіру және мүшелік жарна мөлшері Төрелік палата мүшелерінің жалпы жиналыс шешімімен белгіленеді.

#### **6. Төрелік палатаның басқару органдары**

**6.1.** Төрелік палатаның басқару органдары:

- 6.1.1. Жоғарыбасқару органы – Төрелік палата мүшелерінің жалпы жиналысы;
- 6.1.2. Тұрақты жұмыс істейтінбасқару органы – Төраға басқаратын Басқарма;
- 6.1.3. Төрелік палатаның қаржы-шаруашылық қызметін ішкі бақылау органы – Тексеру комиссиясы (тексеруші);

**6.2.** Палата Басқармасының, Палатаның атқарушы органының, Тексеру комиссиясының мүшесі ретінде жеке тұлға ғана бола алады. Палата мүшелерінің өкілдері немесе Палата мүшелері болып табылмайтын тұлғалардың Бақарушы органдардың мүшесі ретінде қатысуына жол берілмейді.

**6.3. Палата мүшелерініңжалпыжиналысы:**

6.3.1. Палатаның барлық мүшелері жалпы жиналысқа қатысуға, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға, шешімдерді қабылдайтын кезде дауыс беруге қатысуға құқылы.

6.3.2. «ПДА»-Палата мүшесінің өкілі ретіндеоның басшысы сенімхатсыз қатысуға құқылы немесе оның өзге өкілі тиісті сенімхат негізінде қатысуға құқылы.

6.3.3. Палатаның әрбір мүшесі жалпы жиналыста дауыс беретін кезде бір дауысқа ие болады.

6.3.4. Палатаның мүшелері болып табылатын арбитрлар жалпы жиналысқа кеңес беруші дауыс құбымен ғана қатыса алады.

**6.4. Төрелік мүшелері жалпы отырысыныңайрықша құзыретіне келесідей сұрақтарды шешу жатады:**

6.4.1. Басқарма мүшелерін және тексеру комиссиясы мүшелерін сайлау;

6.4.2. тексеру комиссиясының жыл сайынғы қаржылық есебін бекіту;

6.4.3. Басқарма және Басқарма Төрағасының қызметі туралы жыл сайынғы есептерді бекіту;

6.4.4. Төрелік палатаның жұмыс жоспары мен бюджетін бекіту;

6.4.5. Төрелік палатаның тұрақты әрекет етуші құрылымдық бөлімшелерін құру;

6.4.6. Төрелік палата Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

6.4.7. тұрақты әрекет ететін төрешілер мен арбитрлер үшін кіру және мүшелік жарналардың мөлшерін анықтау;

6.4.8. қосымша жарналарды енгізу туралы шешім;

6.4.9. Палатаның қызметімен байланысты өзге сұрақтардың шешімі.

**6.5.** Төрелік палата қызметіне қатысты барлық сұрақтар бойынша Жалпы отырысы шешімдеріТөрелік палата мүшелерінің 2/3 дауысымен қабылданады. Төрелік палата мүшелерінің2/3 болуы кворумды құрайды. Шешім электрондық пошта арқылы дауыс беру нәтижесінде қабылдануы мүмкін. Төрелік палата мүшесі болып табылатын төрешілер кеңесші дауыстарына ғана ие бола алады.

**6.6.** Төрелік палата мүшелерінің жалпы отырысы жылына кемінде 1 рет өткізіледі. Төрелік палата мүшелерінің жалпы отырысы өткізілетіндігі туралы оның мүшелері Жалпы отырыс өткізілуге 7 күн қалғанға дейін хабардар болуы тиіс. Төрелік палата мүшелеріне хабарландыру Төрелік палата сайтына жариялау және электрондық поштаға хабарлама жөнелту арқылы жүзеге асырылады.

**6.7.** Кезектен тыс отырыс өткізу Басқарма, Басқарма Төрағасы, Тексеру комиссиясы бастамашылық етуімен немесе Төрелік палата мүшелерінің 2/3 ұсынысы бойынша өткізілуі мүмкін. Бастамашылық етуші кезектен тыс отырысты өткізу күнін Басқарма Төрағасымен келісуге міндетті. Соңғысы Басқарма мен Төрелік палата мүшелерін кезектен тыс отырыстың шақырылуы туралы хабардар етуі тиіс.

**6.8.** Палата мүшелерінің жалпы жиналысын өткізу, сонымен қатар күн тәртібін және оған енгізілген барлық сұрақтарды қабылдау бойынша дауыс беру бейнеконференцияларды немесе техникалық байланыс құралдарын (скайп, электронды

пошта және т.б.) пайдалана отырып жүргізілуі мүмкін. Осындай техникалық құралдарды пайдалану туралы шешімді Палата Басқармасы қабылдайды.

#### **6.9. Төрелік палата Басқармасы:**

6.9.1. Тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органы Төрелік палатаның Басқармасы болып табылады. Басқарма мүшелері тұрақты жұмыс істейтін төреліктердің өкілдері арасынан Жалпы отырыспен 4 жылға қайта сайлану құқығымен сайланады. Төрелік палата Басқармасы 5 адамнан тұрады.

6.9.2. Басқарма ақысыз негізде әрекет етеді.

#### **6.10. Төрелік палата Басқармасының айрықша құзыретіне келесідей сұрақтарды шешу жатады:**

6.10.1. Палата қызметінің негізгі бағыттарын, стратегиясын және даму жоспарын анықтау;

6.10.2. Палатаның қызметі мен дамуының жыл сайынғы бағдарламасын әзірлеу;

6.10.3. Палатаның бюджетін дайындау;

6.10.4. Палатамен жарияланатын журналдар мен кітаптарды шығару;

6.10.5. Палата мүшелерінің кәсіби біліктілігін арттыруға жәрдем көрсету;

6.10.6. Палата мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

6.10.7. Палатаның мемлекеттік органдармен және басқа да Қазақстан Республикасындағы және шетелдердегі ұйымдармен өзара әрекет етуін қамтамасыз ету;

6.10.8. Палата мүшелігіне қабылдау және одан шығару;

6.10.9. (ad hoc арқылы) дауды қарастыру жағдайында Төрелік палата немесе тұрақты жұмыс істейтін төреліктер тізіліміндегі адамдар арасынан төрешілерді (төрешіні) тағайындау;

6.10.10. нақты дауды шешу үшін тағайындалған төрешінің өкілеттіліктерін тоқтатуға қатысты шешім қабылдау (ad hoc арқылы);

6.10.11. Жалпы жиналысқа Палата қызметіне қатысты басқа да сұрақтарды енгізу.

6.10.12. Палатаның қаржы-шаруашылық қызметінің тексерулерін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторлық компаниялардың өкілдерін тарту;

6.10.13. Палатаның лауазымды тұлғаларын тағайындау. Палата мүшелерінің жалпы жиналысы өзге жағын белгілемейтін болса, Палатаның лауазымды тұлғалары Палатадағы қызметті тегін негізде жүзеге асырады;

6.10.14. Палата мүшелері жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатпайтын өзге мәселелер.

6.11. Басқарма шешімі дауыстардың көптеп жиналуымен қабылданады.

6.12. Төрелік палата Басқармасы өзінің отырыстарын жылына кемінде 2 рет өткізеді. Төрелік палата Басқармасының мүшелері Басқарма жұмысына жеке қатысады, Басқарма отырысына қатысу өкілеттіліктерін басқаға аударуға жол берілмейді. Басқарма шешімдері Төрелік палатаның барлық мүшелерінің назарына жеткізіледі.

6.13. Басқарма Төрағасының шешімімен және Басқарма мүшелеріне ыңғайлы болуы мақсатында отырыс видеоконференция немесе басқа да техникалық байланыс құралдарын қолдану арқылы өткізіле алады.

#### **6.14. Басқарма Төрағасы:**

6.14.1. Басқарма Төрағасы Басқармаға және Палата мүшелерінің жалпы отырысына есеп беруге тиісті және олардың алдында Палата қызметі үшін жауап береді.

6.14.2. Басқарма Төраға Палатаның лауазымды тұлғасы болып табылады, өз қызметін қайтарымсыз негізде жүзеге асырады, осыған байланысты Төраға Төрелік палатаатынан сенімхатсыз қайтарымсыз негізде жұмыс істейді, сонымен қатар, Төрелік палатаны Қазақстан Республикасының және шетелдердің барлық ұйымдарына және мемлекеттік органдарына таныстырады.

**6.15. Төрелік палата Басқармасы Төрағасыныңайрықша құзыретіне келесідей сұрақтарды шешу жатады:**

- 6.15.1. Төрелік палата аппаратының және құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру;
- 6.15.2. Төрелік палата мүдделерін жеке және заңды тұлғалармен қатынас барысында білдіру;
- 6.15.3. Төрелік палатаны Қазақстан Республикасының және шетелдердің барлық ұйымдарына және мемлекеттік органдарына таныстыру;
- 6.15.4. Төрелік палата атынан және оның тапсырмасы бойынша келісімдер жасау;
- 6.15.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен статистикалық, бухгалтерлік және салықтық есеп беруді тапсыруды бақылау;
- 6.15.6. Бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтасу;
- 6.15.7. Төрелік палата мүшелері үшін бірыңғай ақпарат кеңістігін қамтамасыз ету;
- 6.15.8. Тіркеуші органды Төрелік палата кеңсесінің мекен-жайы және Төрелік палата басшылары бойынша деректердің өзгергендігі туралы ақпараттандыру.

**6.16. Тексеруші:**

- 6.16.1. Тексеруші Палата мүшелерінің Жалпы отырысымен құрамында 1 адамнан тұратын құрамда Палата мүшелері қатарынан 2 жыл мерзімге сайланады.
- 6.16.2. Тексеруші құзыретіне Төрелік палата бюджетінің мақсатты жұмсалуды және қаржылық-шаруашылық операциялардың жүзеге асырылуын бақылау жатады.
- 6.16.3. Басқарма Төрағасын, сонымен қатар, Басқарма мүшелерін Тексеруші сайлай алмайды.
- 6.16.4. Басқарма Төрелік палатаның қаржы-шаруашылық қызметіне тексеріс жасау үшін тәуелсіз аудиторлық компаниялардың өкілдерін қосымша тартуға құқылы.

**7. Төрелік палата мүлкі**

7.1. Төрелік палата мүлкі Төрелік палата балансындағы және оның жеке меншігі болып саналатын ғимараттар, құрылыстар, өндірістік, әлеуметтік-мәдени мақсаттағы нысандар, ақша, қаражаттары, құнды қағаздар, жер телімдері, көлік құралдары мен басқа да мүлік болуы мүмкін.

7.2. Төрелік палата мүлкі қалыптасуының көздері:

- 7.2.1. Төрелік палата мүшелерінің кіріс және мүшелік жарналары;
- 7.2.2. Төрелік палата қызметінен түсетін табыс;
- 7.2.3. демеушілік көмек және жеке және заңды тұлғалар гранттары;
- 7.2.4. ерікті мүлктік салымдар;
- 7.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер болып табылады.

7.3. Төрелік палата мүшелігінен шығу немесе шығарылу барысында кіріс және мүшелік жарналар қайтарылмайды.

7.4. Кіріс және мүшелік жарналар, алынған мүлік, сонымен қатар, Төрелік палата қызметінен түскен табыстар оның жеке меншігі болып табылады.

7.5. Төрелік палатаның жеке меншігі болып саналатын мүлкті оның мүшелері арасында бөлуге, оның ішінде Төрелік палатадан шығу немесе шығарылу барысында жол берілмейді.

## **8. Төрелік палата Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізудің тәртібі**

8.1.Төрелік палата Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Төрелік палата Жалпы отырысы шешіміне сәйкес жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік, орыс және ағылшын тілінде тіркеледі.

## **9. Төрелік палатаны қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі**

9.1.Төрелік Төрелік палатасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Қазақстанның Төрелік палатасының  
Басқарма Төрағасы**



**Сулейменов М.К.**